

**Теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты
тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 254 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 қазанда № 4917 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 22 мамырдағы № 127 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.05.2019 № 127 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2017 жылғы 13 маусымдағы "1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы теміржол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

3. "Батыс Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М.М.Сатқанов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары И.В.Стексовке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А.Көлгінов

2017 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 254 Батыс Қазақстан облысы

Теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 13 маусымдағы "1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы теміржол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Заңының негізінде әзірленген және теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын (бұдан әрі – шығыстар) субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Әдістеменің мынадай қысқартулар мен терминдер пайдаланылады:

1) уәкілетті орган – теміржол көлігі саласында басшылық ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген – салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады;

2) Ұлттық инфрақұрылым операторы – магистральдық теміржол желісін жаңғыртуды, күтіп-ұстауды, пайдалануды жүзеге асыратын және магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсететін, сондай-ақ акцияларының бақылау пакеті Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі заңды тұлға.

2. Теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау тәртібі.

3. Субсидиялауға теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстары Батыс Қазақстан облысының бюджеті есебінен субсидиялануға жататын теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын конкурс нәтижесі бойынша айқындалған тасымалдаушылардың шығыстары жатады.

4. Тасымалдаушылардың теміржол жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыру кезіндегі шығыстары тиісті жылға арналған облыстық бюджетте көзделген сомалар шегінде субсидияланады.

5. Шығыстарды жыл сайынғы субсидиялаудың жалпы сомасы Батыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органымен бекітілген Теміржол

жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес есептелген тиісті бюджетте қарастырылады.

6. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі субсидиялар мөлшерін тиісті бюджеттің шығыс бөлігіне енгізу үшін есептеуді әр жолаушы поезы бойынша тіркемелі және жолда тоқтамайтын вагондарды ескере отырып Әдістемеге сәйкес жүргізеді.

7. Субсидиялауға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі "Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" № 545 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 мамырда № 13714 болып тіркелген) бекітілген Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларына сәйкес тасымалдаушының жалпы, плацкарт, купе, дизель және электр поездарының вагондары санаттарымен әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты, сондай-ақ тиісті деңгейдегі бекітілген бюджет аясында жолаушылар поездарының қатынауын (пайдаланылуын) қамтамасыз ету үшін технологиялық қажетті вагондармен тасымалдаудың нақты шығындары жатады.

8. Субсидиялауға тиісті деңгейдегі бекітілген бюджет шегінде мынадай шығыстардың түрлері жатады:

1) магистральды теміржол желісінде көрсетілетін қызметтер шығыстарын, оның ішінде басқа тасымалдаушылардың поездарының құрамындағы тіркемелі және жолда тоқтамайтын вагондардың жүріс, шығыстары;

2) локомотивпен тарту қызметіне шығыстар, оның ішінде локомотивтік бригада еңбек төлемі қорын, поездарды тартуға жанармай және электрэнергияны қоса алғанда тарту жылжымалы құрамын пайдалануға байланысты шығыстары;

3) теміржол жолаушылар тасымалдау кезінде тартылған вагондарды күтіп-ұстауға, олардың вагон бойынша жөндеудің жоспарлы түрлерін, ағымдағы техникалық жөндеу және техникалық қызмет көрсету, амортизациялық бөлектеуді қоса алғандағы шығыстары;

4) теміржол қатынастары бойынша жолаушылар тасымалдауға тартылған вагондарды жалдау шығыстары;

5) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 16 маусымдағы "Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен операторлардың вагондарды (контейнерлерді) сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржыландыру лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" № 497 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016

жылы 27 шілдеде № 14002 болып тіркелген) бекітілген Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен операторлардың вагондарды (контейнерлерді) сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржыландыру лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларына сәйкес оларды субсидиялау жағдайларын қоспағанда, қарыздар бойынша қаржылық шығыстарды қоса, теміржол қатынастары бойынша жолаушылар тасымалдау кезінде тартылған вагондарды сатып алуға арналған шығыстар.

9. Теміржол қатынастары бойынша жолаушылар тасымалдаудың маусымдылығына, поездардың қозғалыс кестесінің өзгеруіне және жолаушылар ағынына байланысты ағымдағы қаржы жылына арналған тиісті бюджетте көзделген қаражат шегінде шартқа қосымша келісім жасау арқылы вагондардың субсидияланатын жүріс көлеміне сәйкес субсидиялар көлемін қайта қарауға жол беріледі.

Жыл сайын субсидиялауға жататын шығыстар көлемі жасалған шарт бойынша бір вагон-километрге субсидия көлемін пропорционалды айқындау және теміржол қатынастары бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау шартына (бұдан әрі – шарт) сәйкес вагондардың, тіркемелі және жолда тоқтамайтын вагондардың жүрісінің өзгеруі есебімен, вагон-километр көлеміне көбейту жолымен есептеледі.

3. Субсидия төлеу шарттары

10. Теміржол қатынастары бойынша субсидияларды төлеу жергілікті бюджеттен қаржыландыру жоспарына сәйкес жүргізіледі.

11. Субсидияның жалпы сомасын төлеу әр поезд бойынша тіркемелі және жолда тоқтамайтын вагондарды ескере отырып жүзеге асырылады.

12. Субсидияларды төлеу жасалған шартқа сәйкес нақты жүзеге асырылған және осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген есептік құжаттамамен расталған тасымалдау бойынша ай сайын жүргізіледі.

13. Шартта жасалған шартқа сәйкес субсидиялардың жылдық сомасынан 25% -ға дейінгі мөлшерде алдын ала төлем көзделеді.

14. Тасымалдаушы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-іне дейінгі мерзімде жергілікті атқарушы органға басшы, бас бухгалтер қол қойған және ұйымның мөрімен куәландырылған мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теміржол қатынастары бойынша жолаушылар тасымалдарының орындалғаны туралы ай сайынғы есеп, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жыл басынан бастап өсу қарқынымен теміржол қатынастары бойынша

жолаушылар тасымалдарының орындалғаны туралы есеп осы тармақтың 1)-7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарда мазмұндалған көрсеткіштер есебін түсіндіретін жазбаны қоса.

Бұл ретте, субсидияланатын шығыстарды анықтау осы тармақта көрсетілген есептерде ұсынылған тасымалдаушының субсидияланатын шығыстар баптарына іспеттес тасымалдаушының жалпы шығыстарына және вагон жүрісінің жалпы көлеміне пропорционалды жүзеге асырылады;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстар актісі;

3) теміржол қатынастары бойынша орындалған тасымалдар көлемін растайтын және тасымалданған жолаушылар, түрлері бойынша вагондар саны, жолаушылар айналымы, поезддардағы вагондардың адамдармен толығуы туралы мәліметтерді қамтитын Ұлттық инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушының құжаттары;

4) тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивтік тарту операторы арасындағы есептілік кезеңінде әр айдың біріндегі жағдай бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі;

5) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теміржол қатынастары бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстар тізілімі;

6) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияланатын бағыттардың тізілімі;

7) теміржол қатынастары бойынша жолаушылар тасымалдау кезінде тартылған вагондарды, олардың жоспарланған жөндеу жұмыстарының түрлері мен техникалық қызмет көрсетуді қоса, жалдау, сатып алу және күтіп-ұстау шығыстарын растайтын құжаттар.

15. Теміржол қатынастары бойынша жолаушылар тасымалдау кезінде тартылған вагондарды, олардың жоспарланған жөндеу жұмыстарының түрлері мен техникалық қызмет көрсетуді қоса, жалдау, сатып алу және күтіп-ұстау шығыстарын растайтын құжаттарға мыналар жатады:

1) тасымалдаушы мен жөндеу (күрделі жөндеу жұмыстары, деполық жөндеу, тиімді пайдалану мерзімін ұзартумен күрделі жөндеу және күрделі қалпына келтіру бойынша жөндеу) және жасалған шартта көрсетілген 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8 көлемдерде техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ вагондарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдар арасында есепті кезеңде әр айдың біріндегі жағдай бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі;

2) тасымалдаушы мен шартта көрсетілген вагондарды жалға алу жөніндегі қызметтерді ұсынатын ұйымдар арасында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (есепті кезеңде әр айдың біріндегі жағдай бойынша);

3) вагондарды жалдау, сатып алу және күтіп-ұстау шығыстары бойынша шот-фактуралар, амортизацияны есептеу және оны есептілік кезеңіндегі шығыстарға жатқызу ведомостісі, электрэнергиясымен дизель отынына шығыстар бойынша орындалған жұмыстар актілері және шот-фактуралар;

4) кейін (субсидиялау сомасын тасымалдаушының шотына аударғаннан кейін)
7) 7 банк күні ішінде вагондардың сатып алынғаны жөніндегі төлем тапсырмаларының түпнұсқаларын ұсына отырып, вагондар сатып алынған ұйымнан төлем шоттары;

5) кредит шарттарының көшірмелері және вагондарды сатып алуға қаржы лизингі туралы шарттар, ай сайынғы төлемдер кестесімен және олардың жасалуына қарай ұсынылатын оларға қосымша келісімдерді қоса;

6) осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген шығыстарды растайтын өзге де құжаттар.

16. Облыстың жергілікті атқарушы органы осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген құжаттарды тасымалдаушы ұсынған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде орындалған жұмыстар актілеріне қол қояды және осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес есептік кезеңдегі шығыстар тізілімін және төлем шоттарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органына ұсынады.

Теміржол жолаушылар
тасымалын жүзеге асырумен
байланысты
тасымалдаушылардың
шығыстарын субсидиялау
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

**Теміржол қатынастары бойынша жолаушылар тасымалдарының
орындалғаны туралы ай сайынғы есеп,**

20 __ жылғы _____

Кезең (ай)	Поездың №	Қатынас	А р а қашықтық , км	Қатынау жиілігі	Вагон түрі	Вагондардың азаймайтын жүрген жолы мың.ваг/км	Вагондардың жүрісі, мың.ваг/км	Жолаушылар айналымы мың.жол. км	Тасымалданған жолаушылар, мың адам	Хе са ад ва
---------------	--------------	---------	------------------------------	--------------------	---------------	--	--------------------------------------	--	--	----------------------

Б а с ш ы
б у х г а л т е р

Б а с

Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)

Аббревиатуралардың толық атаулары:

К м - к и л о м е т р ;

Мың. ваг/км — мың вагон-километр;

Мың. жол. км — мың жолаушылар-километр;

М ы ң т г — м ы ң т е ң г е ;

МТЖ – магистралдық теміржол желісі.

Теміржол жолаушылар
тасымалын жүзеге асырумен
байланысты
тасымалдаушылардың
шығыстарын субсидиялау
қағидасына
2-қосымша

Нысан

**Жыл басынан бастап өсу қарқынымен теміржол қатынастары бойынша
жолаушылар тасымалдарының орындалғаны туралы есеп**

20 __ жылғы _____

Кезең	Поездың №	Қатынас	А р а қашықтық км.	Кезеңмен қатынау	Вагон түрі	Вагондардың азаймайтын жүрген жолы , мың ваг/км	Вагондардың жүрген жолы , мың ваг/км	Жолаушылар айналымы мыңжол. км	Жолаушылардың тасымалдануы, мың адам
Кестенің жалғасы									
Тасымалдау жөніндегі шығыстар, мың теңге						Шығыстардың барлығы мың тг.		шығыстарды субсидиялау көлемдері, мың тг	
МТЖ қызметі	локомотивпен тарту қызметіне	вагондарды жалдауға	вагондарды сатып алуға	вагондарды ұстауға				Ж ы л басынан төленген субсидия	субсидиялауға жатады
11						12		13	14

Б а с ш ы Бас бухгалтер	Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)
----------------------------	-----------------------------------

Аббревиатуралардың толық атаулары:

К м - к и л о м е т р ;

Мың. ваг/км — мың вагон-километр;

Мың. жол. км — мың жолаушылар-километр;

М ы ң т г — м ы ң т е ң г е ;

МТЖ – магистралдық теміржол желісі.

Теміржол жолаушылар

тасымалын жүзеге асырумен
байланысты
тасымалдаушылардың
шығыстарын субсидиялау
қағидасына
3-қосымша

Нысан

Орындалған жұмыстар актісі
20__жылы " __ " _____

Біз, төменде қол қойып отырғандар _____

(қолы, акт қабылдауға жауапты басшының тегі, аты-жөні, әкесінің
аты(бар болған жағдайда)
бір тараптан және _____

(қолы, басшының, бас бухгалтердің тегі, аты-жөні, әкесінің аты
(бар болған жағдайда))
екінші тараптан 20__жылы _____ орындалған жұмыстар туралы
осы актіні жасадық.

Поезд №	Қатынау күндерінің саны	Вагон түрі	Вагон айналымы, мың ваг-км	Азаймайтын вагон айналымы, мың ваг-км	Субсидиялау сомасы (мың тг)
1	2	3	4	5	6
		Купе			
		Плацкарт			
		Жалпы			
		Қызмет-техникалық			
		электрпоезд			
		дизельпоезд			
		барлығы			

20 ____ жылғы _____ субсидиялау сомасы

кұрайды.
(сомасы санмен және сөзбен, теңгемен)
Тараптардың заңды мекенжайы:

Уәкілетті Бизнес Банк	сәйкестендіру реквизиттері	орган нөмірі	Тасымалдаушы: Бизнес Банк	сәйкестендіру реквизиттері	нөмірі
(қолы, басшының тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болған жағдайда))			(қолы, басшының тегі, аты-жөні әкесінің аты (бар болған жағдайда))		
(қолы, акт қабылдауға жауапты			(қолы, бас бухгалтердің тегі, аты-жөні		

басшының тегі, аты-жөні әкесінің аты (бар болған жағдайда))	әкесінің аты (бар болған жағдайда))
Мөрдін орны (бар болған жағдайда)	Мөрдін орны (бар болған жағдайда)

Аббревиатуралардың толық атаулары:

Мың ваг/км – мың вагон-километр;

Мың тг – мың теңге.

Теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау қағидасына 4-қосымша

Нысан

Теміржол қатынастары бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстар тізілімі

(тасымалдаушының атауы)

_____ айы _____ жылғы

Кезең	Шығыстардың атауы	Шығыстар құжаты	Шығыстар құжатының сомасы мың тг	Вагондардың жалпы жүрісі мың ваг/км	Субсидияланатын вагондар бойынша жүріс мың ваг/км	Субсидияланатын вагондар бойынша шығыстар сомасы, мың тг

Б а с ш ы	Б а с б у х г а л т е р
Тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы	Тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы

Аббревиатуралардың толық атаулары:

Мың ваг/км – мың вагон-километр;

Мың тг – мың теңге.

Теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау қағидасына 5-қосымша

Нысан

Субсидияланатын бағыттардың тізілімі

" ____ " _____ 20 ____ жыл

№ п/п	Поездың №	Жөнелту стансасы	Жету стансасы	Субсидиялау сомасы (мың тг)
1	2	3	4	5

Субсидиялау сомасының барлығы:

(сомасы санмен және сөзбен, теңгемен жазылады)

Осы тізілімге мыналар қоса беріледі:

1. _____
2. _____
3. _____

Тараптардың заңды мекенжайы:

Уәкілетті орган:	Тасымалдаушы:
Бизнес сәйкестендіру нөмірі	Бизнес сәйкестендіру нөмірі
Банк реквизиттері	Банк реквизиттері
_____	_____
(қолы, басшының тегі, аты-жөні әкесінің аты (бар болған жағдайда))	(қолы, басшының тегі, аты-жөні әкесінің аты (бар болған жағдайда))
_____	_____
қолы, акт қабылдауға жауапты басшының тегі, аты-жөні әкесінің аты (бар болған жағдайда))	(қолы, бас бухгалтердің тегі, аты-жөні әкесінің аты (бар болған жағдайда))
Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)	Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)

Аббревиатуралардың толық атаулары:

Мың тг – мың теңге.